

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 қазандағы N 470в Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 368-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің реттік нөмірі 1-жолының 5-бағанында "корпоративтік желімен басқару үшін серверлер," деген сөздерден кейін "ведомство дерекқорының сервері үшін процессор мен жад," деген сөздермен толықтырылсын;

"Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер" деген 7-тармақтың б і р і н ш і а б з а ц ы н д а :

"корпоративтік желімен басқару үшін сервер - 1 бірлік," деген сөздерден кейін " ведомство дерекқорының сервері үшін процессор мен жад 1 жиынтық," деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"қолданушылардың жұмыс станциялары" деген сөздерден кейін "417" деген сандар "567" деген сандармен ауыстырылсын;

"іркілсіз жұмыс істеу көздері" деген сөздерден кейін "417" деген сандар "567" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*